



УДК 902.904 (574)  
МРНТИ 03.41.91

<https://doi.org/10.52967/akz2022.4.18.84.96>

## Есік. Жаңа мәліметтер: 7-оба материалдары негізінде (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан)

© 2022 г. Мухтарова Г.Р., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б.

**Keywords:** archaeology, Zhetysu, Issyk burial ground, early Iron age, early nomads, Saka, radiocarbon analysis, chronology

**Түйін сөздер:** археология, Жетісу, Есік қорымы, ерте темір дәуірі, ерте көшпелілер, сақтар, радиокөміртектік сараптама, хронология

**Ключевые слова:** археология, Жетісу, могильник Иссик, ранний железный век, древние кочевники, саки, радиоуглеродный анализ, хронология

**Gulmira Mukhtarova<sup>1</sup>, Turaly Tulegenov<sup>1</sup> and Bauyrzhan Besetayev<sup>2\*</sup>**

<sup>1</sup>Candidate of Historical Sciences, “Esik” State Historical and Cultural Reserve-Museum, Esik, Kazakhstan.

E-mail: [railovna@mail.ru](mailto:railovna@mail.ru)

<sup>1</sup>Master of Humanities, “Esik” State Historical and Cultural Reserve-Museum, Esik, Kazakhstan.

E-mail: [tur4ik\\_kz@mail.ru](mailto:tur4ik_kz@mail.ru)

<sup>3\*</sup>Corresponding author, Master of Archaeology and Ethnology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: [bessetayev.b@kaznu.kz](mailto:bessetayev.b@kaznu.kz)

### Issyk. New data: based on the materials of kurgan no. 7 (South-East Kazakhstan)

**Abstract.** For the first time in the article, the materials of the excavations of the elite burial mound no. 7 of the Issyk burial ground are introduced into scientific circulation. In the process of studying the monument, geo-radar studies of the kurgan embankment were carried out, as a result of which some structural features of the constructs were revealed (e. g.: stone shell). Aerial, orthophoto and topographic plans of the object were made. According to the classification of the authors, which assumes the allocation of two types of Zhetysu mounds, the studied mound can be attributed to the second type based on the analysis of structural elements of the ground structure. In this case, it is a “platform” over which an embankment was subsequently constructed. Over the past decades, thanks to the methods of absolute dating, additional opportunities have appeared in the study of the chronology of the early Iron Age of Zhetysu. To date, 59 published absolute dates are known, obtained by analyzing materials from various monuments of the region: burial grounds – Beshatyr, Kaspan-6, Karatuma, Katartobe; settlements – Tsyganka-8, Tuzusai, etc. According to the results of radiocarbon AMS dating of materials obtained during excavations, the monument dates from the second half of the 7<sup>th</sup>–6<sup>th</sup> century BC. Thus, the date obtained by us is the first date for the Issyk burial ground.

**Acknowledgements:** The publication was carried out within the framework of program-targeted financing of the Committee of Culture of the Ministry of Culture and Sports of the Republic of Kazakhstan, IRN BR08555232.

**For citation:** Mukhtarova, G., Tulegenov, T., Besetayev, B. 2022. Issyk. New data: based on the materials of kurgan no. 7 (South-East Kazakhstan). *Kazakhstan Archeology*, 4 (18), 84–96 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2022.4.18.84.96](https://doi.org/10.52967/akz2022.4.18.84.96)

Гүлмира Раилқызы Мухтарова<sup>1</sup>,  
Төрәлі Жақсылықұлы Тулегенов<sup>1</sup>,  
Бауыржан Берканұлы Бесетаев<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>тарих ғылымдарының кандидаты, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Есік қ., Қазақстан

Гүлмира Раиловна Мухтарова<sup>1</sup>,  
Туралы Жаксылыкович Тулегенов<sup>1</sup>,  
Бауыржан Берканович Бесетаев<sup>2\*</sup>

<sup>1</sup>кандидат исторических наук, Государственный историко-культурный заповедник-музей «Есік», г. Есик, Казахстан



<sup>1</sup>гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Есік қ., Қазақстан

<sup>2\*</sup>корреспондент авторы, археология және этнология магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

**Есік. Жаңа мәліметтер: 7-оба материалдары негізінде (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан)**

**Аннотация.** Мақалада алғаш рет Алматы облысы территориясында орналасқан Есік қорымының 7-ші элитарлық обасының қазба материалдары ғылыми айналымға енгізіліп отыр. Ескерткішті зерттеу барысында оба үйіндісіне георадиолокациялық зерттеулер жүргізіліп, нәтижесінде ескерткіштің кейбір құрылымдық ерекшеліктері анықталды (мысалы: тас қабаты). Ескерткішті толық зерделеу мақсатында нысанның аэрофото, ортофото және топографиялық жоспарлары жасалды. Жетісу обаларының екі түрін бөлуді көздейтін авторлардың жіктемесі бойынша зерттелген ескерткішті жер үсті құрылысының құрылымдық элементтерін талдау негізінде екінші типке жатқызуға болады. Бұл жерде арнайы төселген «платформасы» бар, яғни кейін оның үстіне үйінді тұрғызылған. Бүгінгі таңда аймақтың әр түрлі ескерткіштері материалдарын сараптау нәтижесінде алынған 59 жарияланған абсолюттік мерзімдеме белгілі: Бесшатыр, Қаспан-6, Қаратұма, Қатартөбе қорымдары; Цыганка-8, Тұзусай қоныстары және т. б. Қазба жұмыстары кезінде алынған материалдар негізінде AMS радиокөміртекті мерзімдеу нәтижелері бойынша, ескерткіш б.д.д. VII ғ. екінші жартысы – VI ғ. мерзімделеді. Бүгінгі күнде біз алған мерзімдеме нәтижелері Есік қорымы үшін алғашқы болып табылады.

**Алғыс:** Жұмыс Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Мәдениет комитетінің 2020–2022 жж. арналған нысаналы-бағдарламалық қаржыландыру жобасы аясында іске асырылды, ЖТН BR08555232.

**Сілтеме жасау үшін:** Мухтарова Г.Р., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б. Есік. Жаңа мәліметтер: 7-оба материалдары негізінде (Оңтүстік-Шығыс Қазақстан). *Қазақстан археологиясы*. 2022. № 4 (18). 84–96 -бб. DOI: [10.52967/akz2022.4.18.84.96](https://doi.org/10.52967/akz2022.4.18.84.96)

<sup>1</sup>магистр гуманитарных наук, Государственный историко-культурный заповедник-музей «Есік», г. Есік, Казахстан

<sup>2</sup>магистр археологии и этнологии, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

**Иссык. Новые данные: по материалам кургана № 7 (Юго-Восточный Казахстан)**

**Аннотация.** В статье впервые в научный оборот вводятся материалы раскопок элитарного кургана № 7 могильника Иссык. В процессе изучения памятника проводились георадиолокационные исследования курганной насыпи, в результате которых выявлены некоторые конструктивные особенности сооружения (напр.: каменный панцирь). Выполнены аэрофото-, ортофото- и топографический планы объекта. По классификации авторов, предполагающей выделение двух типов курганов Жетысу, исследованный курган можно отнести ко второму типу на основании анализа конструктивных элементов наземного сооружения. В данном случае – это «платформа», над которой в последующем сооружалась насыпь. За последние десятилетия, благодаря методам абсолютной датировки, появились дополнительные возможности в изучении вопросов хронологии раннего железного века Жетысу. К настоящему времени известно 59 опубликованных абсолютных дат, полученных при анализе материалов из различных памятников региона: могильники – Бесшатыр, Каспан-6, Каратума, Катартөбе; поселения – Цыганка-8, Тұзусай и др. По результатам радиоуглеродного AMS датирования материалов, полученных в ходе раскопок, памятник датируется 2-й пол. VII–VI в. до н.э. Таким образом, полученная нами дата является первой на сегодняшний день для могильника Иссык.

**Благодарности:** Работа выполнена в рамках реализации задач проекта программно-целевого финансирования на 2020–2022 гг. Комитета культуры Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, ИРН BR08555232.

**Для цитирования:** Мухтарова Г.Р., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б. Иссык. Новые данные: по материалам кургана № 7 (Юго-Восточный Казахстан). *Археология Казахстана*. 2022. № 4 (18). С. 84–96 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2022.4.18.84.96](https://doi.org/10.52967/akz2022.4.18.84.96)

**1 Кіріспе (Мухтарова Г.Р.)**

Бүгінгі Қазақстан археологиясындағы ерте темір дәуірінің зерттелуі, ескерткіштердің архитектуралық ерекшеліктері мен мәдени-хронологиялық атрибуцияларын анықтау күрделі, әрі кешенді зерттеулерді қажет ететін бағыттардың біріне айналды. Археологиялық ескерткіштерді



зерттеуде заманауи технологиялардың кеңінен пайдалану үрдісі қалыптасып, аталған мәселелерді шешуде оңтайлы мүмкіндіктер пайда болды.

Б.д.д. I мыңж. Еуразияның далалық, таулы аймақтарында этникалық және тілдік жағынан ерекшеленетін, идеологиялық, дүниетанымдық мазмұны бір сақ-скиф мәдениеттері қалыптасты. Осы уақытта жылқы малын өсіруді елеулі үрдіске айналдырып, қоладан жасалған анағұрлым қолданысқа қолайлы жүген бөліктерін жасау технологиясы жетілген ерте көшпелілер қоғамында салт аттылар (кентавр<sup>1</sup>) бірінші орынды иеленеді [Боковенко 1993: 175; Самашев и др. 2016: 720]. Сол дәуірге тиесілі зооморфты бейнелермен безендірілген қару-жарақ, ер-тұрман өзіндік ерекше орынды алды. Аңдық мәнерді негізге ала отырып жасалған бұйымдарда аймақтың табиғи-ландшафтына, мекендеген аң-құсына сәйкес бейнелер бедерін аңғаруға болады. Атап айтсақ, мысалы, Жетісудағы Есік қорымынан табылған «Алтын адамның» бас киімін әшекейлеген таулардың, аңдар мен құстардың бейнелері. Бұдан біз тек материалдық қана емес, дүниетанымдық көзқарастарды да байқаймыз [Акишев А.К. 1978].

Жетісу өңіріндегі археологиялық ескерткіштер ішінде көне қорымдардың алатын орны айтарлықтай ерекше және ерте темір дәуірінің ескерткіштерін кезеңдеу толықтай шешілмеген өзекті мәселелердің қатарында [Чекин и др. 2019: 410]. Обалардың архитектуралық құрылысын, табылған олжаларды зерттеу мен оларды топтау мәдени-тарихи кезеңдерді түйіндеуге, әрі осы мәдениетті жасаған сақ тайпаларының даму деңгейін саралауға мүмкіндік туғызады. Жетісудың сақ мәдениеттерін кезеңдеуде ескерткіштердің мерзімделуі аясында топографиялық орналасуы және құрылымдық ерекшеліктеріне қарай топтастыру, сонымен қатар, табылған олжалардың қызметтік, мазмұндық сипаттамаларын жүйелеу қажеттілігі туындап отыр.

Тақырыпқа арқау болып отырған Есік қорымында А.Г. Максимова, К.А. Ақышев, А.М. Оразбаев, А.С. Загородний, Б.Н. Нұрмұханбетов, Ф.П. Григорьев және т. б. археологтар әр жылдары жұмыс жүргізді. Ғылыми материалдар мен көптеген ғылыми жариялымдар Жетісу өлкесінің ерте көшпелілерінің мәдениеті мен тарихын зерттеу барысында алынған жұмыстың нәтижелері болып табылады [Акишев К.А. 1978; Максимова 1978; Григорьев, Камалова 2011; Загородний, Григорьев 1998; Нурмуханбетов, Мухтарова 2011].

## 2 Материал және зерттеу әдістемесі (Бесетаев Б.Б., Тулегенов Т.Ж.)

### 2.1 Зерттеу әдістемесі

Археологиялық кешендер бірқатар сыртқы факторларға (географиялық орта, көші-қон, мәдениеттегі және тарихи процестердегі дәстүрлердің рөлі) байланысты адам қызметінің нәтижесі ретінде қарастырылады. Нақты зерттеу әдістемесі, ең алдымен, зерттеудің дәстүрлі археологиялық әдістерін қамтиды: картография, планиграфиялық және стратиграфиялық бақылаулар, заттық кешеннің жіктелуі, белгіленген ұқсастықтар әдісі, формальды-типологиялық және технологиялық талдау, статистиканың элементтері мен әдістері, ретроспективті әдіс. Жұмыста археологиялық ескерткішті зерттеу барысында панаралық зерттеулер кеңінен қолданылды.

Жерлеу құрылымының шекараларын іздеу және анықтау, оба үйіндісіндегі ауытқулар мен бұзылмаған аймақтарды анықтау үшін 250 МГц антеннасы бар ОКО–3 георадарының көмегімен георадиолокациялық зондау жүргізілді.

Үйіндіні зерттеу траншея салу әдісі арқылы жүргізілді, бұл элитарлық обаларды зерттеудің

<sup>1</sup> «Кентавр» сөзі көне грек аңыздарында «Κένταυρος», яғни адам мен жылқы бейнесі біріккен әпсана кейіпкер. Аталмыш термин Н.А. Боковенко және З. Самашев мақалалары бойынша [Боковенко 1993; Самашев и др. 2016].



әдістемелік тұрғыдан анағұрлым нәтижелі болып табылады. Ескерткіштің құрылымының стратиграфиялық қабаттарын қолмен тазарту арқылы құрылыстың кезең-кезеңімен салынғандығы анықталды. Нәтижелер аймақтағы ұқсас зерттеулермен салыстырмалы түрде мұқият сарапталды.

## **2.2 Материал сипаттамасы**

Қазіргі таңда 10 км<sup>2</sup> аумақты алып жатқан Есік қорымы территориясында ерте темір дәуіріне жататын төрт обалар тобы орналасқан: 1. Есік қорымының батыс аумағы («Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музей тобы); 2. Есік қорымының шығыс аумағы; 3. Үшінші топ б.д.д. III–II ғғ. жерлеу орындары; 4. Төртінші топта жекелеген, ешқандай топ құрамына кірмейтін обалар, Есік саяжайларының ішкі аумағында орналасқан [Омаров және басқалар 2022: 199].

Есік қорымының батыс бөлігінде Есік–Бәйтерек–Алматы тас жолынан оңтүстікке қарай 270 м қашықтықта орналасқан № 7 элитарлық обасын зерттеу 2019 жылы «Есік» музей-қорығы мен Шаньси провинциясының Археология институты (ҚХР) арасындағы келісімшарт аясында бастау алған. Ескерткіштегі зерттеу жұмыстары 2021 ж. жалғасын тапты. Зерттелген оба ерте темір дәуірімен мерзімделетін (б.д.д. V–IV ғғ.), ғылымда «Есік» деген атпен белгілі ірі қорымның «Есік» музей-қорығының қорғалатын аймағында орналасқан (1-сур.). Нысанды ашық аспан астындағы мұражай жасау жоспарлануда. Ескерткіштің параметрлері мен типологиялық сипаттамалары дәлелдегендей оба сақ әскери-көшпелі элитасының өкілдеріне тиесілі деп болжануда.

Есік қорымындағы ірі обалар санатындағы № 7 обаның топырақ пен тас құрылыстан тұратын үйіндісінің диаметрі 56 м, биіктігі 6 м құрайды. Үйіндінің орталық бөлігінің үстінде диаметрі 7 м, тереңдігі шамамен 2 м болатын қазбаға дейін қалың бұталы өсімдіктермен жауып тұрған қарақшылық шұңқыры ашылды. Қазба жұмыстарына дейін зерттелетін нысанның ортофото, топографиялық және аэрофото жоспары жасалды (2–3-сур.). Үйінді ені 8 м болатын О–С бағыты бойынша траншея салу арқылы ашылды (4-сур.). Обаның тас қабаттын аршу барысында орташа көлемдегі өзен тастарымен бір қатар етіп қаланып шыққандығы анықталды (5-сур.).

Обаның құрылымдық ерекшеліктерін анықтау мақсатында оңтүстік және солтүстік кималары есепке алынған болатын. Жер беті құрылысының жоғарғы бөлігі шым, тас жамылғысы, аралас келген қиыршық тас пен малта тас, борпылдақ гумус қабатынан, ал орта бөлігі құрамында малта тастары бар саздақ келген топырақтан, кейбір бөліктерінде тығыз саздан тұрады. Қабір үсті құрылысы орташа көлемдегі малта тас аралас топырақтан тұрғызылған, құрылыстың сырты тығыз және қалың сарғыш түсті келген сазбен сыланған. Саздақ сарғыш топырақтан қалыңдығы 0,3 см болатын арнайы платформа жасалып, үйіндіні аталмыш құрылыстың үстіне тұрғызғандығы анықталып отыр. Көне жер беті деңгейі қиыршық тас араласқан саздақ топырақтан тұрады.

Жалпы, қорымда орналасқан ескерткіштерді құрылымдық сипаттамасы бойынша екіге бөліп қарастыруымызға болады:

1) Тас оба – жерлеу үйіндісі құрылысының бір түрі. Дөңгелек пішінді оба үйіндісі тек тастардан тұрғызылған. Диаметрлері 5-тен 10 м-ге дейін, биіктігі 0,5-тен 1,4 м-ге дейін жететін ескерткіштер қорық аумағының барлық бөлігінде кездеседі. Олар негізінен 3-тен 5-ке дейін нысандармен сипатталып, жеке ықшам топтарды құрайды. Кейде археологиялық ескерткіштердің басқа түрлерінің арасында кездеседі.

2) Арнайы жасалған платформа үстінде орналасқан оба. Оба үйіндісі топырақ аралас тастардан тұрады. Олардың қарапайым тас обалардан басты айырмашылығы, олар берік жасалған арнайы платформаның үстіне тұрғызылған. Яғни, арнайы жасалған платформалар құрылыстың негізін



1-сур. Есік қорымының № 7 обасының картада және суретте орналасуы.  
©SAS. Planet. Release. 141212


Fig. 1. Location of the burial mound no. 7 of the Issyk burial ground on the map and picture.  
©SAS. Planet. Release. 141212

Рис. 1. Расположение кургана № 7 могильника Иссык на карте и снимке.  
©SAS. Planet. Release. 141212

құрайды. Бұл топтағы жоспары бойынша дөңгелек келген ескерткіштердің диаметрлері 25–70 м аралығында болса, биіктігі 2-ден 7 м-ге дейін жетеді. Бұл топтағы ескерткіштер тізбек бойында орналасқан жеке топтарды құрайды. Жеке орналасқан нысандар да қорық аумағының барлық бөлігінде кездеседі.

Зерттелген № 7 обаны құрылымдық ерекшеліктері бойынша екінші топқа жатқызуға болады.


Қабір шұңқырының өлшемдері 5×4 м, тереңдігі 3,5 м. Қабір сызығы бойымен төмендеу бағытында ірі және орташа тастармен қатар, қабырғалардың тұстарында күл мен көмірдің іздері көп мөлшерде табылды. Қыш ыдыстардың сынықтары әртүрлі тереңдікте есепке алынды (6-сур.). Қабір шұңқырын тазалау барысында бір моншақ және 16 бөліктен құралған 6 қола шегелер табылды (7-сур.), басқа артефактілер анықталған жоқ.



2-сур. Есік. № 7 обаның ортофото жоспары және қимасы.  
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының архивінен алынды

Fig. 2. Issyk. Orthophoto plan and section of mound no. 7.  
From the archive of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Esik”

Рис. 2. Иссык. Ортофотоплан и разрез кургана № 7.  
Из архива Государственного историко-культурного музея-заповедника «Есік»



3-сур. Есік, № 7 оба. Топографиялық жоспар.  
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының архивінен алынды

Fig. 3. Issyk, kurgan no. 7. Topographic plan.  
From the archive of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Esik”

Рис. 3. Иссык, курган № 7. Топографический план.  
Из архива Государственного историко-культурного музея-заповедника «Есік»



4-сур. Есік, № 7 оба. Үйіндіні траншея әдісімен аршу барысы

Fig. 4. Issyk, kurgan no. 7. The process of opening the embankment by laying a trench

Рис. 4. Иссик, курган № 7. Процесс вскрытия насыпи путем закладки траншеи

### **3 Нәтижелер** (Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б.)

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ қарасты «Геоархеология» халықаралық зертханасының қызметкерлері № 7 обаға георадиолокациялық жұмыстар жүргізді (жетекшісі – Ғ.Т. Бексеитов). № 7 обаның беткі бөлігін зерттеу барысында қарақшылық шұңқырдың іздері мен нақты шекарасы анықталды. Зерттеу нәтижелері обаның ежелгі уақытта тоналғанын көрсетті.

Қабірден көп мөлшерде анықталған ағаш бөліктері жерлеу камерасының ішкі құрылысында қолданылған болуы мүмкін. Табылған ағаштың көмір қалдықтары АҚШ-тағы «Beta Analytic» зертханасына жіберіліп, <sup>14</sup>C радиокөміртекті талдау нәтижелері алынды (1-кесте). Бұл Есік қорымынан алынған алғашқы абсолютті даталар. Ал Жетісудың ерте темір дәуіріне қатысты белгілі болған 59 нақты мерзімдемелер осы уақытқа дейін қарастырылған<sup>2</sup>.

<sup>2</sup> Осы уақытқа дейін белгілі Жетісу өңірінің ерте темір дәуірі ескерткіштері мерзімдемелері туралы мәліметтер Г.С. Жұмабекова, Г.А. Базарбаева және А. Оңғарұлы еңбектерінде жарияланған [Джумабекова, Базарбаева 2018; Оңғарұлы и др. 2020]).







5-сур. Есік, № 7 оба. Қабір үсті құрылысы

Fig. 5. Issyk, kurgan no. 7. The gravestone structure

Рис. 5. Иссык, курган № 7. Надмогильная конструкция



6-сур. Есік, № 7 оба. Олжалар: 1–12 – қыш ыдыс сынықтары  
Fig. 6. Issyk, kurgan no. 7. Finds: 1–12 – fragments of ceramics  
Рис. 6. Иссык, курган № 7. Находки: 1–12 – фрагменты керамики



7-сур. Есік, № 7 оба. Олжалар: 1–9 – қола шегелер  
Fig. 7. Issyk, kurgan no. 7. Finds: 1–9 – bronze nails  
Рис. 7. Иссык, курган № 7. Находки: 1–9 – бронзовые гвозди



1-кесте – Радиокөміртектегі AMS мерзімдеу нәтижелері  
(Сараптама Beta Analytic Radiocarbon Dating Laboratory жасалды,  
Майами, Флорида, 28 мамыр 2021 ж.)

Table 1 – The results of radiocarbon AMS dating  
(The analyses were made in the Beta Analytic Radiocarbon Dating Laboratory,  
Miami, Florida. May 28, 2021)

Таблица 1 – Результаты радиоуглеродного AMS датирования  
(Анализы сделаны в Beta Analytic Radiocarbon Dating Laboratory,  
Майами, Флорида. 28 мая 2021 г.)

Зертх. индекс	14C BP (uncal)	Нақтыланған мерзім (Сигма 1, 68,2%)		Нақтыланған мерзім (Сигма 2, 95,4%)	
Beta-592849	2470±30 BP	(29,1%) (20,2%) (13,8%) (4,2%) (0,9%)	752–683 cal BC 592–540 cal BC 668–632 cal BC 624–611 cal BC 527–524 cal BC	(93,3%) (2,1%)	766–465 cal BC 436–422 cal BC
Beta-592850	2480±30 BP	(21,4%) (18%) (14,5%) (11,3%) (3%)	596–543cal BC 653–607cal BC 756–719cal BC 709–680cal BC 670–662cal BC	(95,4%)	772–478 cal BC
Beta-592851	2450±30 BP	(31,8%) (23,4%) (8,3%) (4,7%)	551–465 cal BC 747–690 cal BC 665–644 cal BC 436–421 cal BC	54,2% 26% 15,2%	595–412cal BC 754–681cal BC 670–609cal BC

#### 4 Талқылаулар (Бесетаев Б.Б., Тулегенов Т.Ж.)

Жетісу жеріндегі ерте сақ кезеңінің ескерткіштері салыстырмалы түрде сирек кездесетіндіктен болар, зерттеушілер аталмыш аймақтың ерте сақ дәуірін жекелеген мәдени қауымдастық ретінде ажыратпайды. Жетісудың «ерте сақ мәдениеті» сөзі ғылыми әдебиеттерде енді қалыптасуда. М.Қ. Қадырбаев Сібір, Солтүстік және Оңтүстік Қазақстан аумақтарындағы аталған кезең ескерткіштерін бір ерте скиф тарихи-мәдени қауымдастық ретінде қарастырып, жергілікті нұсқаларға бөлуді ұсынған болатын [Қадырбаев 1968: 36]. Соңғы екі онжылдыққа дейін ескерткіштер мен жекелеген «элитарлық» немесе ғұрыптық нысандардың салыстырмалы мерзімінің баламасы болған жоқ. Бәрімізге белгілі, К.А. Ақышев ерте сақ мәдениетімен қатар, б.д.д. V–IV ғғ. классикалық «сақ» уақытын, немесе кейінгі сақ кезеңін ұсынды [Акишев К.А. 1978: 32–33; 2013: 44]. Ғалым киім декорының ерекшеліктеріне сәйкес «Алтын адамның» жерлеу мерзімін б.д.д. IV ғ. соңғы ширегі – III ғ. басы деп белгіледі [Акишев А.К. 1978; 2016: 32]. А.З. Бейсенов Жетісу сақтары мәдениетінің екінші кезені ғылыми ортада әзірше аты айтыла қоймаған Есік кезеңін құрайтын «Есік археологиялық мәдениетін» деп атап, Жетісу сақтары деп аталатын дәуірді «ерте» және «кейінгі» деп классикалық екі кезеңге бөлу идеясын ұсынды [Бейсенов 2020: 47]. Осы ретте кейінгі сақ кезеңі немесе «классикалық» сақ уақытында (б.д.д. V–IV ғғ.) жерлеу-ғұрыптық ескерткіштердің құрылыстары мен олжаларында айтарлықтай өзгешеліктер айқын көрінеді.

#### 5 Қорытынды (Мухтарова Г.Р., Тулегенов Т.Ж.)

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Жетісу өңірінің ерте сақ кезеңі негізінен жекелеген көмбелер, кездейсоқ олжалар және арақидік қазбалармен сипатталады. Есік қорымы Жетісуда шоғырланған оншақты элитарлық қорымдардың бірі ғана деп қорытынды жасауға болады. Бүгінгі таңда сақ кезеңі археологиясындағы абсолютті хронологияның рөлі мен маңызы артуда. Алынған сараптама



нәтижелеріне сүйене отырып, Есік қорымының № 7 обасы ерте сақ кезеңі, яғни б.д.д. VII ғ. екінші жартысы – VI ғ. мерзімделеді және қазіргі таңдағы туындап отырған өзектілігі жоғары Жетісу өңірінің сақ ескерткіштерінің кезеңделуі мен мерзімделуі болашақтағы кешенді зерттеулерге тірек болады деген ойдамыз.

Сақ-скиф мәдени сабақтастығының ажырамас бөлігі болып табылатын Жетісу территориясы ескерткіштерге бай, оны зерттеу сақ тайпаларының шоғырлануының және тұрақты өмір сүруінің ең үлкен аймақтарының бірі ретінде Жетісудағы тайпалардың киелі орындары саналған сақ көсемдерінің «геросстары» секілді жалпы тайпалық қасиетті аумақ болғанын көрсетеді.

### ӘДЕБИЕТ

- 1 Акишев А.К. Идеология саков Семиречья (по материалам кургана Иссык) // КСИА. 1978. Вып. 154. С. 39-48.
- 2 Акишев А.К. Жетісу – сердце «страны саков» // Тайны «Золотого человека». Сб. матер. / Рук. проекта: Г.Р. Мухтарова. Алматы: Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык», 2016. С. 22-53.
- 3 Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. М.: Искусство, 1978. 142 с.
- 4 Акишев К.А. Древние и средневековые государства на территории Казахстана (Этюды исследования) / Отв. ред.: М.К. Хабдулина. Алматы: ИА КН МОН РК, 2013. 192 с.
- 5 Бейсенов А.З. Археолог Б. Нұрмұханбетов және Есік өңірі ескерткіштерін зерттеу мәселесі // «I–Есік окулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты халықар. ғыл.-тәж. онлайн-конф. м-ры (Есік к., 20 қараша 2020 ж.) / Жауапты ред. Г.Р. Мухтарова. Алматы: «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, 2020. 34-52-66.
- 6 Боковенко Н.А. Транссибирские трассы номадов в системе культурной интеграции народов Сибири // Проблемы культурогенеза и культурное наследие. Археология и изучение культурных процессов и явлений: матер. конф. / Отв. ред. В.М. Массон. Ч. II. СПб.: ИИМК РАН, 1993. С. 172-176.
- 7 Григорьев Ф.П., Камалова Г.М. Исследовательские работы по определению охранных зон могильника Иссык // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: м-лы междунар. научн. конф., посвящ. 20-летию Независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК / Отв. ред. А.З. Бейсенов. (г. Алматы, 12–15 декабря 2011 г.). Алматы: ИА КН МОН РК, 2011. Т. 2. С. 89-96.
- 8 Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. О раннем железном веке Жетісу: некоторые итоги систематизации данных // Археология і давня історія України. 2018. Вип. 2 (27). С. 469-484.
- 9 Загородний А.С., Григорьев Ф.П. Дополнительные данные о могильнике Иссык // Вопросы археологии Казахстана: сб. науч. ст., посвящ. памяти М.К. Кадырбаева / Отв. ред. З. Самашев. Алматы; М.: Гылым, 1998. Вып. 2. С. 117-119.
- 10 Кадырбаев М.К. Некоторые итоги и перспективы изучения археологии раннежелезного века Казахстана // Новое в археологии Казахстана / Отв. ред. М.К. Кадырбаев. Алма-Ата: Наука КазССР, 1968. С. 21-36.
- 11 Максимова А.Г. Еще один курган Иссыкского могильника // Археологические памятники Казахстана / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука КазССР, 1978. С. 188-193.
- 12 Нурмұханбетов Б.Н., Мухтарова Г.Р. Могильник Иссык – Некрополь Иссык – Археологический комплекс Есік-Рахат – Республиканский государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык» // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии: тез. докл. кругл. стола, посвящ. 20-летию Независимости Республики Казахстан. (г. Караганды, 23–25 ноября 2011 г.) / Отв. ред. А.З. Бейсенов. Караганды: ИА КН МОН РК; НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2011. С. 64-67.
- 13 Омаров Ф.Қ., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б. Есік қорымы және оған іргелес жатқан Оңтүстік Шығыс Жетісудың ерте көшпелілердің жерлеу кешендері // Bulletin of history. 2022. № 2 (105). С. 195-202.
- 14 Онгарулы А., Пён Ё., Нам С., Каирмагамбетов А., Ким Ё., Нускабай А., Кызырханов М. Кагартобе. Некрополь сакской элиты Жетісу. Нур-Султан; Тәджон: НИИ «Халық қазынасы», 2020. 464 с.
- 15 Самашев З., Боковенко Н.А., Чотбаев А.Е., Кариев Е.М. Культура саков и скифов Великого пояса Евразийских степей // Мир Большого Алтая. 2016. № 4-1, Т. 2. С. 719-736.
- 16 Чекин А.Г., Тулегенов Т.Ж., Бесетаев Б.Б. К вопросу о культурной принадлежности населения раннесакского времени Жетісу // Маргулановские чтения – 2019: м-лы Междунар. археол. науч.-практ. конф., посвящ.



95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева (г. Нур-Султан, 19–20 апреля 2019 г.) / Отв. ред. М.К. Хабдулина. Нур-Султан: НИИ археологии им. К.А. Акишева ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. С. 409-417.

#### REFERENCES

- 1 Akishev, A. K. 1978. In: *Kratkie soobcheniya Instituta Arheologii (Brief reports of the Institute of Archaeology)*, 154, 39-48 (in Russian).
- 2 Akishev, A. K. 2016. In: Mukhtarova, G. R. (ed.). *Tainy "Zolotogo cheloveka" (The riddle of the "Golden Man")*. Almaty: State Historical and Cultural Reserve-Museum "Issyk", 22-53 (in Russian).
- 3 Akishev, K. A. 1978. *Kurgan Issyk. Iskusstvo sakov Kazakhstana (Issyk Kurgan. The art of the Saks of Kazakhstan)*. Moscow: "Iskusstvo" Publ. (in Russian).
- 4 Akishev, K. A. 2013. Khabdulina, M. K. (ed.). *Ancient and medieval states on the territory of Kazakhstan (Studies of research)*. Almaty: Margulan Institute of Archaeology (in Russian).
- 5 Beisenov, A. Z. 2020. In: Mukhtarova, G. R. (ed.). *I-Esik okulary (I-Esik readings)*. Almaty: State Historical and Cultural Reserve-Museum "Issyk", 34-52 (in Kazakh).
- 6 Bokovenko, N. A. 1993. In: Masson, V. M. (ed.). *Problemy kulturogeneza i kulturnoe nasledie. Arkheologiya i izuchenie kulturnykh protsessov i yavlenii (Problems of cultural genesis and cultural heritage. Archaeology and the study of cultural processes and phenomena)*. Pt. II. Saint Petersburg: Institute for the History of Material Culture, 172–176.
- 7 Grigoriyev, F. P., Kamalova, G. M. 2011. In: Beisenov, A. Z. (ed.). *Arkheologiya Kazakhstana v epokhu nezavisimosti: itogi, perspektivy (Archaeology of Kazakhstan in the era of Independence: results, prospects)*, 2. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 89-96 (in Russian).
- 8 Jumabekova, G. S., Bazarbayeva, G. A. 2018. In: *Arkheologiya i davnya istoriya Ukrainy (Archaeology and early history of Ukraine)*, 2 (27), 469-484 (in Russian).
- 9 Zagorodniy, A. S., Grigoriyev, F. P. 1998. In: Samashev, Z. (ed.). *Voprosy arkheologii Kazakhstana (Issues of archaeology of Kazakhstan)*, 2. Almaty; Moscow: "Gylym" Publ., 117-119 (in Russian).
- 10 Kadyrbayev, M. K. 1968. In: Kadyrbayev, M. K. (ed.). *Novoe v arkheologii Kazakhstana (New in the archaeology of Kazakhstan)*. Almaty: "Nauka" Publ., 21-36 (in Russian).
- 11 Maksimova, A. G. 1978. In: Akishev, K. A. (ed.). *Arkheologicheskiye pamyatniki Kazakhstana (Archaeological sites of Kazakhstan)*. Alma-Ata: "Nauka" Publ., 188-193 (in Russian).
- 12 Nurmukhanbetov, B. N., Mukhtarova, G. R. 2011. In: Beisenov, A. Z. (ed.). *Sakskaya kultura Saryarki v kontekste izucheniya etnosotsiokulturnykh protsessov stepnoy Evrazii (The Saka culture of Saryarka in the context of the study of ethnosociocultural processes of steppe Eurasia)*. Karagandy: "Begazy-Tasmola" Publ., 64-67 (in Russian).
- 13 Omarov, G. K., Tulegenov, A. G., Besetayev, B. B. 2022. In: *Bulletin of history*, 2 (105), 195-202 (in Kazakh).
- 14 Ongaruly, A., Pen, E., Nam, S., Kairmagambetov, A., Kim, E., Nuskabai, A., Kyzyrkhanov, M. 2020. *Katartobe. Nekropol sakskoy elity Zhetysu (Katartobe. Necropolis of the Saka elite Zhetysu)*. Nur-Sultan; Daejeon: Scientific Research Institute "Halyk kazynasy" (in Russian).
- 15 Samashev, Z., Bokovenko, N. A., Chotbayev, A. E., Kariyev, E. M. 2016. In: *Mir Bolshogo Altaya (World of Great Altay)*, 4-1, vol. 2, 719-736 (in Russian).
- 16 Chekin, A. G., Tulegenov, A. G., Besetayev, B. B. 2019. In: Khabdulina, M. K. (ed.). *Margulanovskie chteniya–2019 (Margulan Readings–2019)*. Nur-Sultan: K.A. Akishev Research Institute of Archaeology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 409-417 (in Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.  
/ Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.  
/ Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest.  
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.  
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.12.2022.  
Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 24.12.2022.  
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 24.12.2022.

